ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 15 ақпан дело №7119-24-00-2/1003 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айшуақ» атауымен әрекет етуші Айгерим Есенжоловна Булдырыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Айшуақ» атауымен әрекет етуші Айгерим Есенжоловна Булдырыковаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Айшуақ» атауымен әрекет етуші Айгерим Есенжоловна Булдырыкова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Айшуақ» атауымен әрекет етуші Айгерим Есенжоловна Булдырыковадан талап қоюшы «Электрондық қаржы

орталығы» акционерлік қоғамына 65 280 (алпыс бес мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 956 (бір мың тоғыз жүз елу алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Айшуақ» атауымен әрекет етуші Айгерим Есенжоловна Булдырыковадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К. Жетібаев
Көшірмесі дұрыс

Судья Ж.К. Жетібаев

Шешім 2024 жылғы 27 наурызда күшіне енді.
Судья Ж.К. Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 15.02.2024